



**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

№ \_\_\_\_\_

от «\_\_\_» 202\_\_ года

28.12.2020-ғы № 548 шығыс хаты

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру үйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру үйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру үйымдарында оқу процесін үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқу процесін үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқу процесін үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар көрсетілген бұйрықпен бекітілген (3 –қосымша):

36-тармақ 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қоғамдық іс-шараларды өткізбеу және адамдардың жиналу ықтималдығын жою, сабақ аяқталғаннан кейін аудиториялардың уақытылы босатылуын бақылауды қамтамасыз етсін;»;

36-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«әртүрлі академиялық топтардың үзілісте араласпауын қамтамасыз ету үшін жылжымалы өзгерістер кестесін көздесін. Кестеде ауаны залалсыздандыру мен желдетуді қоса алғанда, аудиторияларды санитариялық өндегенде оқу сабақтары арасында кемінде 20-25 минут үзіліс көздесін.. Студенттердің аудиториядан тыс байланысы болдырылмасын;»;

36-тармақ 12) мынадай редакцияда жазылсын:

«12) денсаулығы мен жасының жағдайы бойынша тәуекел тобына жататын қызметкерлердің денсаулығына байланысты факторларды ескеру. 65 жастан асқан адамдар және ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрган адамдар дәстүрлі форматта сабақ өткізген жағдайда ЖЖОКБҰ кестесін жасау кезінде кампус аумағында қызметкерлердің осы санатының шектеулі қозғалысын көздеу ұсынылсын;»;

36-тармақ мынадай мазмұндағы 14), 15), 16), 17), 18), 19) тармақшалар толқтырылсын:

«14) медициналық орталықтардың күшеттілген режимде жұмысын қамтамасыз етсін;

15) COVID-19, өкпе пневмониясы немесе басқа да вирустық аурулар белгілері болған жағдайда студенттердің өтініші негізінде оларды қашықтықтан оқу форматында оқытууды жалғастырсын және осы өтініштер сапаны қамтамасыз ету комитетінің отырысында қаралсын;

16) оқу корпустарында және жатақханаларда СЭР сақтау қағидаларына өзгерістер енгізсін;

17) білім алушылар үшін СЭР стандарттарының сақталуын қамтамасыз етсін және оқу процесінде, сонымен қатар сабақ барысында студенттердің аудиторияларда, бетперде кио турагы міндеттемесін қарастырсын. Бетпердесіз келген студенттер аудиторияларға жіберілмесін.

18) СЭР нормаларын сақтай отырып, ЖОО оқу корпустары мен жатақханаларын дайындау және құндізгі және қашықтықтан оқыту форматтарында оқытууды өткізуге дайындық турагы аймақтардың СЭС қорытындысы алынсын;

19) көктемгі семестрге дейін білім алушыларды бөлмелердің 50% толымдылығына сәйкес жатақханаға орналастыру қажеттілігін анықтау және орналастыру бойынша жұмыс жүргізсін.»;

39-тармақтың мынадай редакцияда жазылсын:

«39. 1-курс студенттері үшін 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінде оқудың барлық бағыттары бойынша аралас оқыту форматында оқу процесін үйімдастыруды қамтамасыз етсін (лекция және семинарлар – қашықтықтан, санитарлық шараларды және 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қолданбалы сипаттағы зертханалық және практикалық сабақтарды – аралас формат). Медициналық көрсетілімдер болған жағдайда 1-курс студенттері өтініш негізінде қашықтықтан оқытууды жалғастыруға күкүлі.

2 және 3-курстарда оқуды келесі білім салалары бойынша қашықтықтан оқыту форматында жалғастырысЫн:

- Педагогика ғылымдары («Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаудан» басқа);
- Гуманитарлық ғылымдары;
- Тілдер және әдебиет;
- Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат;
- Бизнес, басқару және құқық;
- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- Қызметтер (көлік қызметтерінен басқа).

2 және 3-курс студенттеріне әлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитарлық шараларды сақтай отырып, келесі білім салалары бойынша аралас формата сабактар өткізу ұсынылсын:

- Педагогика ғылымдары («Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау»);
- Өнер;
- Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
- Инженерлік, өндеші және құрылым салалары;
- Ауыл шаруашылығы және биоресурстар;
- Ветеринария;
- Қызметтер (Көлік қызметтері);
- Денсаулық сақтау.

4-курста академиялық саясат пен күнтізбелік жоспарға (дипломалды және кесіптік практиканы ұйымдастыру, қорытынды аттестаттауды өткізу) сәйкес даярлау бағыттарына байланысты қашықтықтан/араласоқыту форматтарында оқытууды жүзеге асыру ұсынылсын.

Аралас, қашықтықтан және дәстүрлі оқыту форматтарында (сабак кестесі, ағындарды анықтау, контентті қамтамасыз ету, кәсіби практикаларды ұйымдастыру және т.б.) оқу процесін іске асыру үшін Көктемгі семестрдің басталуына дайындық жүзеге асырылсын.

Академиялық саясат пен күнтізбелік жоспар негізінде магистранттар мен докторанттардың теориялық оқуын (қажет болған жағдайда) қашықтықтан және аралас оқыту форматтарында жалғастыру және F3Ж орындау, олардың жеке жоспарларына сәйкес қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін.

Шетелдік студенттерді, сондай-ақ дайындық курсарында оқытындарды қашықтықтан оқыту форматында оқытууды жалғастырысЫн.

Шетелдік академиялық оралымдылықты және тағылымдаманы шектеу.

Виртуалды академиялық оралымдылықты ұйымдастыру ұсынылсын.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Оқу процесінің аралас форматы кезінде ұйым 36, 39-тармақтардың, 40-тармақтың 1-10) тармақшаларының және 41-тармақтың орындалуы үшін жағдайлар жасалсын.

Аралас оқыту форматын ұйымдастырган кезде күндізгі және қашықтықтан оқыту форматтарындағы сабактардың келесі арақатынасы ұсынылсын: дәрістер мен семинарлар – онлайн, қолданбалы сипаттағы зертханалық және практикалық

сабактар, санитарлық режим мен 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып өткізілсін.

ЖЖОКБҰ-ға да «ішкі академиялық ұтқырлық терезелерін» жоспарлауға рұқсат етіледі, яғни білім алушылардың жекелеген оқу пәндерін онлайн-режимде немесе түргыштықты жері бойынша өңірдің басқа ЖЖОКБҰ-да зертханалық сабактарды оқуын ұйымдастыруға рұқсат етілсін.».

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті (М.Т.Мелдебекова), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж.Оспанова), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж.Тойбаев) осы бүйрықты облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволары осы бүйрықтан және қоса беріліп отырған Әдістемелік ұсынымдардан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары осы бүйрықты аудандық және қалалық білім бөлімінің назарына жеткізсін.

5. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлеріне жүктелсін.

6. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**

**А. Аймагамбетов**

**Результаты согласования**

28.12.2020 09:10:31: Мелдебекова М. Т. (Комитет дошкольного и среднего образования) - - согласовано без замечаний  
 28.12.2020 09:22:31: Каринова Ш. Т. (Руководство) - - согласовано без замечаний  
 28.12.2020 14:47:13: Мелдебекова М. Т. (Комитет дошкольного и среднего образования) - - согласовано без замечаний  
 28.12.2020 14:49:52: Каринова Ш. Т. (Руководство) - - согласовано без замечаний